




ҚАЗАҚСТАН  
ТАРИХЫ  
ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ  
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

IV  
ТОМ






**МӘДЕНИ МҰРА**

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША  
ТАЛДАП-БЕЛГІЛЕНДІ**


**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ:**

---

**Құл-Мұхаммед М. А.,** *бас редактор*  
**Тәжин М. М.,** *бас редактордың орынбасары*  
**Нұрғазин Н. М.,** *жауапты хатшы*  
**Әбділдин Ж. М.**  
**Әбусейітова М. Қ.**  
**Әуезов М. М.**  
**Байпақов К. М.**  
**Бұрханов К. Н.**  
**Ертісбаев Е. Қ.**  
**Зиманов С. З.**  
**Кекілбаев Ә.**  
**Қасқабасов С. А.**  
**Мағауин М. М.**  
**Мәмбеев С. А.**  
**Нұрпейісов Ә. К.**  
**Нысанбаев Ә. Н.**  
**Рахмадиев Е. Р.**  
**Сұлтанов Қ. С.**  
**Сүлейменов О. О.**  
**Тасмағамбетов И. Н.**  
**Хұсайынов К. Ш.**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ



МӘДЕНИ МҮРА

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ  
ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ  
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

IV  
ТОМ

ӘУЛЕТТІК ТАРИХИ  
ЖЫЛНАМАЛАР

2-БӨЛІМ

Алматы  
“Дайк-Пресс” 2006



**ББК 63.3 (5Қаз)  
Қ 18**

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:**

**Әбусейітова М. Қ. (төрайым),  
Муминов Ә. Қ. (төрайымның орынбасары),  
Медерова Д. Е. (жауапты хатшы),  
Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.**

**Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен  
ескертулерін жазған  
Б. Еженханұлы, Ж. Ошан**

**Ғылыми редакторы Әбусейітова М. Қ.**

**Қ  $\frac{0503020905}{00(05)-06}$**

**ББК 63.3 (5Қаз)**

**ISBN 9965-798-23-0**

© Б. Еженханұлы, Ж. Ошан, аудармалар мен түсіндірмелер, 2006  
© “Дайк-Пресс” баспасы, 2006

## Кіріспе

«Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім» кітабы — «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Шығыстану секциясы жоспарлаған бес томдық «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» сериясының төртінші томы.

Бұл томда Қытайдың ертедегі дәуірлерінде құрастырылған әйгілі «Ресми жиырма төрт патшалық тарихы» атты жылнамаларының біразында сақталған көне түрік тілдес елдер туралы деректемелер жинақталып, көне қытай тілінен қазіргі қазақ тіліне аударылып, оларға тарихи-деректемелетану тұрғысынан ғылыми түсіндірмелер берілген. Бұл деректемелер мыналар:

1. «Вэйшу» («Вэй патшалығының тарихы») кітабының «Юебань баяны» (ВШ, 102-цзюань);
2. «Вэйшу» («Вэй патшалығының тарихы») кітабының «Гаочэ баяны» (ВШ, 103-цзюань);
3. «Суйшу» кітабының «Телэ баяны» (СШ, 84-цзюань);
4. «Чжоушу» («Чжоу патшалығының тарихы») кітабының «Туцзюе баяны» (ЧШ, 50-цзюань);
5. «Синь Тан шу» («Тан патшалығының жаңа тарихы») кітабының «Туцзюе баяны» (СТШ, 215-цзюань, 1- және 2-бөлімі);
6. «Суйшу» кітабының «Батыс Туцзюе баяны» (СШ, 84-цзюань);
7. «Синь Тан шу» кітабының «Батыс Туцзюе баяны» (СТШ, 215-цзюань, 2-бөлімі);

8. «Синь Тан шу» кітабының «Хуэйхэ баяны» (СТШ, 217-цзюань, 1- және 2-бөлімі).

Аталған деректемелер уақыт жағынан V–IX ғасырларды қамтиды. Осы уақыт ішіндегі Ұлы Еуразия даласындағы ең негізгі тарихи процесс — аталмыш өңірдегі «түркілену» процесі. Ұлы Еуразия даласындағы бұрынғы жүріп өткен күрделі саяси-этностық өзгерістердің нәтижесі ретінде V ғасырдан бастап түрік тілдес көшпенді ұлыстар тарих сахнасына көтеріле бастаған. Қытай деректемелерінде «юебань», «телэ» (немесе «динлин») және «гаочэ» деп хатталған ұлыстар солардың ең алғашқыларының қатарында. Біздің заманымыздың алды-артындағы суннулардың (ғұндардың) батысқа ауа көшуі барысында қазіргі Жетісу жері мен ҚХР ШҰАР аумағындағы Юлдүз ойпатына дейінгі өңірге қоныстанып, сонда көшпенді мемлекет орнатқан юебаньдар, қытайдың «Вэйшу» атты деректемесінің білдіруінше, гаочэлер мен (гаогюйлер), яғни «биік арбалы телэлермен» бір тілде сөйлейтін халық болған. Ғалымдар сол «Вэйшу» кітабында сақталған гаочэлердің сөз-атауларын зерттей келе, олар түрік тілдес болған деген қорытынды жасаған. Сонымен қоса кейінгі көптеген түрік тілдес тайпа-ұлыстар, айталық, телэлер және ұйғырлар (хуэйхэлер) сол гаочэлермен тамыры бір халықтар екендігін көне қытай қаламгерлері жазып кеткен. Демек, юебаньдар тілдік ерекшелігі жағынан қытай деректемелерінде нақты сипатталған, қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен көршілес аймақтарда мемлекет туларын көтерген түркі тілдес ел деп санауға болады. Сондықтан да біз өзіміздің осы ғылыми дерек жинағымызды юебаньдар туралы қытай деректемесінен бастап отырмыз.

Ғылымда күні бүгінге дейін дәйекті тұжырымдама жасалмаған мәселелердің бірі — көне түрік этногенезі мен ең алғашқы мәдени дәстүрлері қай аймақта қалыптасқан деген мәселе. Қытай деректемелеріне сүйенсек, «туцзюе» деп аталатын саяси-этностық топтан тыс көне түркі ұлыстарының немесе тайпа бірлестіктерінің басым көпшілігі «телэлердің» құрамына кіреді, ал телэлердің арғы тегі деп есептелген «динлиндер» (көне қытай авторларының мәліметтерін мұқият зерттегенде, бұл этнонимнің өзі «телэ» сөзінің

ертерек кездегі транскрипциясы болып шығады) сонау сюннулардың (ғұндардың) заманында-ақ әйгілі болған<sup>1</sup>. Ең алғашқы қытай деректемелері динлиндердің мекенін «Бэйхайдың», яғни қазіргі Байкал көлінің маңы деп көрсетсе<sup>2</sup>, III ғасырда динлиндер Ұлы Еуразия даласының батыс бөлігіне дейін таралып үлгірген тәрізді — бұны мына бір қытай дерегі дәлелдейді: қытайдың «Үш патшалық дәуірінде» жазылған «Вэйлюе» атты кітабының<sup>3</sup> мәлімдеуінше, Канцзюй (Кангюй) елінің солтүстігінде «Батыс Динлин» деген ел орналасқан. Осы «Батыс Динлин» елінің нақты мекені қайда болғандығы жөнінде ғалымдар әртүрлі пікір айтып келеді<sup>4</sup>. Канцзюй мемлекетінің Сырдарияның бойында орналасқандығын ескерсек, мұндағы айтылған «Батыс динлиндердің» көне мекенін Арал теңізі мен Балқаш көлінің аралығындағы өңірден іздеу керек сияқты. Қалай болғанда да қытайдың Суй патшалық дәуірі тұсына келгенде теләлер «Сихайдан шығысқа қарай (яғни Каспийден шығысқа қарай) сай-сайларды бойлап жалғасты орналасып кете береді»<sup>5</sup>.

Осы кезеңдегі шығыстан батысқа қарай бағытталған ұлы көштің арасында қытай деректемесінде «гаочэ» (немесе «гаогюй») деп аталатын тайпа бірлестігі де болды. Қытай деректемелеріндегі гаочэлдердің толық атауы әуелі «гаочэ динлин», яғни «биік дөңгелек арбалы динлиндер» болып табылады, олар — «телә» немесе «чилә» деп аталатын, Ұлы Еуразия даласында кең

---

<sup>1</sup> «Шицзи» кітабының «Сюнну баянын» оқығанда сюннулар өздерінің солтүстігіндегі көршілес динлиндерді б. з. д. III ғасырда бағындырғанын білеміз. Демек, динлиндер бұдан бұрын сол өңірде өмір сүріп келген.

<sup>2</sup> «Ханьшу» кітабы, 54-цзюань, «Сувудың өмірбаяны».

<sup>3</sup> Бұл кітаптың негізгі мазмұны әйгілі “Жиырма төрт патшалық тарихының” бірі болып саналатын “Сань го чжи” (“Үш патшалықтың ахуалдары”) кітабының “Вэйчжи” (“Вэйдің ахуалы”) бөлігінің 30-цзюанында түсіндірме ретінде сақталып қалған.

<sup>4</sup> Мысалы қытай ғалымдарының кейбіреулері мұндағы айтылған “Канцзюйдің солтүстігі” — қазіргі Ертіс өзенінің өңірі десе (Чжоу Вэйчжоу, 1983. 9-б., 3-түсіндірме), енді біреулері ол Балқаш көлі маңы деп жорамалдайды (Дуань Ляньцин, 1988. 81-б.).

<sup>5</sup> Қараңыз: төменде “Суйшу” кітабының “Телә баянынан” жасалған аударма.



жайылған көшпенділердің бір бөлігі. Бұрын Жоужань (Жужу) қағандығының билігінде болған гаочәлер 487 жылы Жоңғария ойпатына қоныс аударып, сонда Гаочә мемлекетін құрып, 541 жылға дейін өздерінің елдік тарихын жалғастырған. Гаочә мемлекеті жойылған соң, азын-аулақ ақсүйек әулеттерінің өкілдері Солтүстік Қытайдағы Вэй патшалығын паналағаны болмаса, ел-жұрттарының басым көпшілігі эфталиттер мен өзге телә тайпа бірлестіктерінің құрамына кіріп, содан соң Көк Түрік (Туцзюе) қағандығының туы астына жиналса керек. Бір қызығы, Моңғол-Юань дәуірінде жазып қалдырылған қытай деректемелерінде гаочәлер мен қаңлылар байланыстырылады<sup>6</sup>. Осы деректемелерді Рашид ад-Диннің кітабындағы және «Оғызнамадағы» қаңлы (қаңқалы) елі туралы берілген түсіндірмелермен салыстыра келе мынадай қорытынды жасауымызға болатын сияқты: «гаочә», яғни «биік дөңгелек арбалы ел» деген атау «қаңлы» деген түркі тіліндегі этнонимнің қытайша аудармасы; түркі (телә) тайпаларының бірі болып саналатын қаңлылар Ашина түріктер Орталық Азияда өз үстемдігін орнатқанынан бұрын қазіргі Жоңғарияда билік құрған. Аталмыш ел кейін әртүрлі саяси күштердің көлеңкесінде қалып, моңғолдар шапқыншылығы дәуірінің қарсаңында ғана қайтадан бой көтере бастаған.

Түрік тілдес көне ұлыстардың онан кейінгі тарихы туралы қытай жылнамаларында мол нақты деректер сақталған. Олардың ішінде VI—VIII ғасырларда державаға айналған Көне Түрік (Туцзюе) қағанаты және оның жалғасы болып табылатын, VIII—IX ғасырлар аралығында құрылған көшпелі Ұйғыр (Хуэйхэ) қағандығы туралы деректер ең қомақтылары болып табылады. Қытайша туцзюе (түрік) деген атау қытай жылнамаларында ең алғаш 542 жылы хатқа түскен. Әуелде ат төбеліндей бір кіші ру немесе әлеуметтік топ болған түріктер қазіргі Жоңғария мен Моңғолия жерін билеген Жужань хандығына ұзақ уақыт тәуелді болып, олардың темір өндірушілері, басыбайлы вассалы болып өмір сүрген. Бірақ олар тез

---

<sup>6</sup> Қараңыз: төменде «Вэйшу» кітабының «Гаочә баянына» берілген 157-түсіндірме.

арада ішкі бірлігін күшейтіп, өздерімен біртектес, бір тілдес көршілес телә тайпаларының басын күшпен біріктірген, 552 жылы Жужань ордасына шабуыл жасап, Алтайдан Хангайға дейінгі аумақтағы хандықтың билігін өз қолына алған. Онан кейінгі бір-екі онжылдықта көк түріктер Хинган тауларынан Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ Еуразия даласындағы көшпелі тайпаларды бірлестіріп, Ұлы Түрік қағанатын құрды. Кейін келе біртұтас Түрік қағанаты екіге бөлініп, Батыс Түрік қағанаты Еуразия құрлығының батыс бөлігіндегі, Шығыс Түрік қағанаты оның шығыс бөлігіндегі саяси, экономикалық және мәдени өмірге зор әрі терең ықпалдарын қалдырды.

VIII ғасырдың 40-жылдарында Шығыс Түрік қағанаты күйреп, орнына көшпелі Ұйғыр (Хуэйхэ) қағанаты келді. Бұл қағанат 840 жылға дейін өмір сүріп, солтүстігіндегі Тан әулетімен біресе тату-тәтті болып, біресе оны әуре-сарсаңға салып, ал батысындағы Шығыс Тянь-Шань аймағында қарлұқтармен және тибеттермен Ұлы Жібек жолы үшін талас-тартыста болып тұрды. 840 жылы көшпенді Ұйғыр қағандығы қырғыздардың қолынан қирады. Оның құрамындағы ел-жұрттың басым көпшілігі Солтүстік-батыс Қытайға және қазіргі ШҰАР аумағына қоныс аударып, кейінгі ұйғыр, сары-ұйғыр сынды түркі тілдес ұлттардың негізін қалады.

Көне түрік ұлыстарының алғашқы қалыптасу кезеңіндегі тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін алдымен қытай деректемелеріне сүйенеміз, өйткені қытайдың дәстүрлі тарихнамасындағы әртүрлі кемшіліктерге, әсіресе көне қытай авторларының кертартпа шовинистік пиғылдарына қарамастан, қытай деректемелері уақыт пен кеңістік тұрғысындағы дәлділігімен ерекшеленеді.

### **Томға енгізілген деректемелер туралы қысқаша мәлімет**

Жоғарыда көрсетілгеніндей, осы томға енгізілген деректемелер көне қытайдың төрт әулеттік жылнамасынан таңдалып алынған.

Алдымен аталған «Вэйшу» кітабы Қытайдың Солтүстік Ци (北齐) патшалық дәуірінде, анығырақ айтсақ, 554 жылы жазып бітірілген, авторы — аталмыш патшалықтың шенеунік-қаламгері Вэй Шоу (魏收) (506—572 жж.). Жалпы көлемі 103 цзюаннан



(бумадан) тұратын бұл кітап 386—534 жылдар аралығында табғаштардың (тобалардың) Солтүстік Қытай жерінде құрған Солтүстік Вэй патшалығына арналған.

«Юебань баяны» аталмыш кітаптың «Сиюй<sup>7</sup> туралы баян» атты 102-цзюанында сақталған. Бұл жерде айта кетерлік бір жайт: қазіргі жұрттың қолына жеткен «Вэйшу» кітабының «Сиюй туралы баянының» Вэй Шоудың қолынан шыққан әуелгі нұсқасынан біраз айырмашылығы бар. Синологтарға мәлім, Вэй Шоу жазған «Вэйшудың» «Сиюй туралы баян» бөлімінің бұрынғы түпнұсқасы кейінірек жоғалып кеткен, қазіргі нұсқа — қытайдың Сун патшалық дәуірінде, нақтырақ айтсақ, 1061 жылы, Лю Шу есімді адамның «Бэйши» атты өзге бір орда тарихындағы<sup>8</sup> «Сиюй туралы баян» бөліміне сүйеніп, қайтадан қалпына келтірілген нұсқасы<sup>9</sup>. Дегенмен «Вэйшу» және «Бэйши» кітаптарындағы юебаньдар туралы деректемелердің мазмұндарына ғана үңілсек, олар негізінен бір-біріне сай келеді. Осы кітаптардағы мәліметтерге қарағанда, Юебань елі V ғасырдың 30—40 жылдарында өмір сүрген. Дәл осы жылдары Орта Азия елдері Қытайдың Солтүстік Вэй патшалығына бірнеше мәрте елшілер жіберіп, Солтүстік Вэй де V ғасырдың 30-жылдарының соңында Дун Вань (董琬) қатарлыларды Орта Азияға қайыра елшілікке аттандырған. Аталған деректемелердің пайда болуы осы оқиғалармен тікелей байланысты.

«Гаочэ баяны» аталмыш кітаптың 103-цзюанынан алынған. № 3 және № 6 деректемелер алынған «Суйшу» кітабы — Қытайдың

<sup>7</sup> «Сиюй (西域)» атауы туралы «Синь Тан шу» кітабына берілген 286-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>8</sup> «Бэйши» («北史») кітабы өзінің аты көрсетіп тұрғандай, «Бэй чао» («北朝»), яғни «Солтүстік патшалықтарға» арнап жазылған ордалық тарихнама. Қытай тарихында «Солтүстік патшалықтар» деп IV—VI ғасырлар аралығында Қытайдың солтүстігінде өмір сүрген Солтүстік Вэй, Солтүстік Ци, Солтүстік Чжоу қатарлы патшалықтарды айтады.

<sup>9</sup> «Вэйшу» кітабының «Сиюй туралы баян» бөлімі және соның ішіндегі «Юебань» тараушасының келіп шығуы, «Вэйшу» кітабының «Сиюй туралы баян» бөлімі мен «Бэйши» кітабының сол аттас бөлімі арасындағы деректемелер турғысындағы байланыстар қатарлы мәселелер жөнінде мына еңбектерді қараңыз: Enoki, 1959; Matsuda, 1956.

Тан (唐) патшалық дәуірінде, анығырақ айтсақ, 636 жылы жазып бітірілген, авторы — аталмыш патшалықтың шенеунік-қаламгері Вэй Чжэн (魏征) (580—646 жж.) және т. б. Жалпы көлемі 85 цзюаннан (бумадан) тұратын бұл кітап 581—618 жылдар аралығында Солтүстік Қытай жерінде құрылған Суй патшалығының тарихына арналған.

№ 3 деректеме, яғни «Телэ баяны» «Суйшу» кітабының «Бэйди чжуань (Солтүстіктегі варварлар туралы баян)» деп аталатын 84-цзюанынан алынған. Онда негізінен телэ тайпаларының орналасу жағдайлары туралы айтылады.

«Батыс Туцзюе баяны» да осы «Суйшу» кітабының «Бэйди чжуань (Солтүстіктегі варварлар туралы баян)» деп аталатын 84-цзюанынан алынған. Бұл деректеме Батыс Түрік қағанатын билеген Ашина түріктердің бір тармағы — Або қаған және оның ұрпақтары Нили қаған мен Ницзюечуло қағандардың тарихына арналған.

№ 4 деректеме «Чжоушу» кітабынан алынған. «Чжоушу» кітабы Қытайдың Тан (唐) патшалық дәуірінде, анығырақ айтсақ, 636 жылы жазып бітірілген, авторлары — аталмыш патшалықтың шенеунік-қаламгері Линху Дэфэнь (令狐德棻) (583—666 жж.) және т. б. Жалпы көлемі 50 цзюаннан (бумадан) тұратын бұл кітап 557—581 жылдар аралығында Солтүстік Қытай жерінде құрылған Солтүстік Чжоу патшалығының тарихына арналған. Осы кітаптың «И-юйчжуан-ся» («Жат аймақтар туралы баянның 2-бөлімі» атты 50-цзюанынан алынған деректеме негізінен Бірінші Түрік қағанатының Тапар (Табо) қағаны заманына дейінгі түрік елінің тарихы туралы сыр шертеді.

№ 5 және № 7 деректемелер алынған «Синь Тан шу» кітабы Қытайдың Сун (宋) патшалық дәуірінде, анығырақ айтсақ, 1060 жылы жазып бітірілген, авторлары — аталмыш патшалықтың шенеунік-қаламгері Оуян Сю (欧阳修) (1007—1072 жж.) және басқалар. Жалпы көлемі 225 цзюаннан (бумадан) тұратын кітап 618—907 жылдар аралығында Қытайда құрылған Тан патшалығының тарихын баяндайды.

«Синь Тан шу» кітабының 215-цзюанының 1- және 2-бөлімінен алынған «Туцзюе баяны» кейінгі ғылымда айтылып жүрген



«Бірінші және Екінші Түрік қағанаттарының» (немесе «Солтүстік Түрік қағанаты» мен «Шығыс Түрік қағанатының») тарихы жөніндегі ең негізгі дереккөздердің қатарына жатады.

«Синь Тан шу» кітабының 215-цзюанының 2-бөлімінен алынған «Батыс Туцзюе баяны» да Батыс Түрік қағанатының тарихына қатысты ең негізгі дереккөз деуге болады.

№ 8 деректеме де («Хуэйхэ баяны») «Синь Тан шу» кітабының 217-цзюанының 1- және 2-бөлімдерінде сақталған. Онда VIII ғасырдың 40-жылдарынан 840 жылға дейін Ұлы Еуразия даласының шығыс бөлігінде құрылған көшпелі Ұйғыр (Хуэйхэ) қағанаты және олардың құрамындағы телә тайпаларының өткен-кеткені жөнінде мол мағлұматтар бар.

Айта кетерлік бір жайт: біздің таңдап алған деректемелеріміз аталмыш дәуірлердегі ататарихымызға байланысты қытайдың мол жазба дерек қорының бір бөлігі ғана. Кітаптың көлемі және бағдарламаны орындау уақытының тығыздығына байланысты біраз материалдар бұл жинаққа енгізілмей қалды. Жалпы алғанда, біздің назарымызда болған, алайда қазіргі жағдайда еңбегімізге енбей қалған мынадай қытай деректеме топтамалары бар:

1) аталмыш дереккөздерінде сақталған, түркі елдерінің тарихына қатысы бар тұлғалардың өмірбаяндары;

2) деректемелердегі тарихи-географиялық сипаттағы мағлұматтар (мысалы, біраз кітаптардағы «Дили чжуань» («Географиялық баян») бөлімдері);

3) Тан дәуіріндегі Қытайға қоныс аударған түріктердің қабір бастарына орнатылған құлпытастардағы қытайша мәтіндер.

Біз талдаған дереккөздерімен қатарлас болып келетін көптеген басқа деректемелерді төмендегідей етіп топтауға болады:

*а) теләлер туралы:*

- «Бэйши» (659 жылы жазылған, авторы — Ли Яньшоу) кітабының «Телә баяны» (БШ, 99-цзюань);

- «Тундянь» (801 жылы жазылған, авторы — Ду Ю) кітабының «Телә» тараушасы (ТД, 199-цзюань);

- «Цзю Тан шу» (945 жылы жазылған, авторы — Лю Сюй және т. б.) кітабының «Телә» тараушасы (ЦТШ, 199-цзюанының 2-бөлімі);

- «Тай пин хуан юй цзи» (Қытайдың Солтүстік Сун патшалық дәуірінде жазылған, авторы — Юе Ши) кітабының «Телә» тараушасы (ТПХЮЦ, 198-цзюань);

ә) гаочэлер туралы:

- «Бэйши» кітабының «Гаочэ баяны» (БШ, 98-цзюань);
- «Тундянь» кітабының «Бяньфан шисань» («Шекара қорғаныс істері туралы 13-баян» бөлігіндегі «Гаочэ» тарауы (ТД, 197-цзюань);

б) түріктер (туцзюелер) туралы:

- «Цзю Тан шу» кітабының «Туцзюе баяны» (ЦТШ, 194-цзюанының 1- және 2-бөлімі);

- «Тан хуэй яо» (961 жылы жазылған, авторы — Ван Бо) кітабының «Солтүстік Туцзюе туралы» тараулары (ТХЯ, 93- және 94-цзюаньдары);

- «Цэ фу юань гуй» (1013 жылы жазылған, авторы — Ван Циньжо және т. б.) кітабының көптеген цзюаньдары;

- «Тундянь» кітабының «Бяньфан шисань», «Бяньфан шисы» және «Бяньфан шиву» («Шекара қорғаныс істері туралы 13-, 14- және 15-баяндар» бөліктеріндегі), «Туцзюе» тараулары (ТД, 197-, 198- және 199-цзюаньдары).

- «Цзы чжи тун цзянь» (1084 жылы жазылған, авторы — Сыма Гуан) кітабының көптеген цзюаньдары;

в) ұйғырлар (хуэйхэлер) туралы:

- «Цзю Тан шу» кітабының «Туцзюе баяны» (ЦТШ, 195-цзюань);

- «Тундянь» кітабының «Бяньфан шилю» («Шекара қорғаныс істері туралы 16-баяны» бөлігіндегі «Хуэйхэ» тарауы (ТД, 200-цзюань);

- «Тай пин хуан юй цзи» кітабының «Хуэйхэ» тараушасы (ТПХЮЦ, 199-цзюань).

Бұл деректемелердегі көптеген ақпараттар біз келтірген мәліметтерді толықтыра түседі. Оларды осы томға енгізе алмағандықтан, маңызды деген бөліктерін аудармамыздың түсіндірме бөлігінде қамтып отыруға тырыстық.



## Еңбекте ұстанылған негізгі принциптер мен қолданылған техникалық әдістер

1. Қазақ елінің этногенезіне, тарихи аумақтық жағдайына байланысты тарихи деректемелерді талдағанда географиялық жағынан қазіргі Қазақстан аумағымен ғана шектеліп қалмауды жөн көрдік.

2. Деректеметану ғылымының принциптеріне бойсұна отырып, көбінесе аудармамыздың сенімділігі мен дәлдігіне мән бердік.

3. Түсіндірмелерде бұрынғы зерттеулер жан-жақты қарастырылды. Солай бола тұра, біз отандық ғылыми қауымның назарына іліне қоймаған жапон және қытай ғалымдарының деректеметанулық зерттеулерінің ғылыми нәтижелерін көбірек таныстыруды жөн көрдік.

4. Қытайдың тарихи деректемелерінде кездесетін, ғылыми қауымға белгілі есімдер мен этнонимдерді және тарихи-географиялық, топографиялық атауларды елімізде бұрын жарық көрген ресми ғылыми еңбектерге негіздеп алдық.

5. Қытайдың патшалық дәуірлерінде өте дамыған өзіндік иерархиялық жүйе болған. Ондағы көптеген лауазым атаулары мен атақтар қазіргі қазақ тіліне аударуға келе бермейді. Сондықтан аудармада сол көне қытай лауазым атаулары мен атақтардың басым көпшілігін транскрипция күйінде бердік те, олардың жанына қытайша иероглифтерді көрсетіп отырдық.

6. Бұл еңбекте қытайдың төрт ғасырдан астам уақыт аралығында хатталған тарихи деректемелері қамтылған. Осы уақыт ішінде Орталық Азия аумағындағы саяси, мәдени, этностық және тілдік жағдайлардың көптеген өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Сонымен қатар, қытай деректемелерінде «Ежелгі және орта ғасырлар қытай тілінің» фонетикалық ерекшеліктерімен хатталған жат елдердің көптеген адам есімдерін, этнонимдерін және тарихи-географиялық, топографиялық атауларын өз қалпына келтіру — тарихи және тілдік ғылыми зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе. Ғалымдардың екі ғасырдан астам уақыттан бері еңбектеніп келе жатқанына қарамастан, бұл мәселе шешілді деп айтуға келмейді.

Сондықтан да біз аудармада қытай деректемелерінде кездесетін, түпнұсқасы ғылыми қауымға әлі де болса беймәлім есімдер мен этнонимдерді және тарихи-географиялық, топографиялық атауларды қазіргі қытай тілінің «путунхуаның» дыбыстау жүйесі бойынша оқып, олардың жанына қытайша иероглифтерін беріп отырдық. Осы есімдер мен атаулардың қытай тарихнамасында әртүрлі хатталу жағдайларын да мүмкіндігінше толық көрсетуге тырыстық.

7. Қытай тарихында патшалық өзгерістерге немесе әулеттердің алмасуына байланысты жылнамалардың атаулары да өзгеріп отырған. Бұл жылнамалар қытайдың ай календарын негіз етіп, «ганьчжи», яғни ондық цикл белгілері мен онекілік цикл белгілерін құрастыру арқылы көрсетілетін жыл санау әдісімен жыл, ай, күндерді белгілеген. Біз бұл еңбекте жыл атауларын бұрынғы жылнамамен қоса қазіргі жылнамаға да айналдырып көрсетіп отырдық, ай-күндерді қазіргі жыл санау әдісімен алдық.

8. Аударма барысында кей тұстардағы сөйлемдердің алды-артын жалғастыру үшін мәтіннің жалпы мағынасын өзгертпей, қосымша сөздер қолдандық. Бұл қосымша сөздер аудармада шаршы жақшаның ішіне алынды.

Қытайша-орысша транскрипциялау жүйесі қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне сай келе бермейді. Қазақ тіліндегі біраз дыбыстар арқылы қытай тілінің көп буындарын әлдеқайда жақсырақ транскрипциялауға болса да, бүгінгі таңда қытайша-қазақша транскрипциялау мәселесі бір ізге түсіріліп жүйелендірілмегендіктен, аудару барысында қытайша-орысша транскрипциялау жүйесін қолдануға тура келді. Келешекте еліміздің қытайтанушы филологтары қытайша-қазақша жаңа транскрипциялау жүйесін жасап жатса, сол негізде аталған еңбекке қажетті өзгерістер енгізуге дайынбыз. Төменде біздің қолданған қытайша-орысша транскрипциялау жүйесін беріп отырмыз<sup>10</sup>.

---

<sup>10</sup> Бұл жүйені мына еңбектен алдық: Ткаченко Г. А. Культура Китая (словарь-справочник). М., 1999. С. 265–275.

Қытайша (Пинь-инь цзыму)	Орысша	Қытайша (Пинь-инь цзыму)	Орысша	Қытайша (Пинь-инь цзыму)	Орысша	Қытайша (Пинь-инь цзыму)	Орысша
a	а	da	да	han	хань	leng	лэн
ai	ай	dai	дай	hang	хан	li	ли
an	ань	dan	дань	hao	хао	lia	ля
ang	ан	dang	дан	he	хэ	lian	лянь
ao	ао	dao	дао	hei	хэй	liang	лян
ba	ба	de	дэ	hen	хэнь	liao	ляо
bai	бай	deng	дэн	heng	хэн	lie	ле
ban	бань	di	ди	hong	хун	lin	линь
bang	бан	dian	дянь	hou	хоу	ling	лин
bao	бао	diao	дяо	hu	ху	liu	лю
bei	бэй	die	де	hua	хуа	long	лун
ben	бэнь	ding	дин	huai	хуай	lou	лоу
beng	бэн	diu	дю	huan	хуань	lu	лу
bi	би	dong	дун	huang	хуан	lv	люй
bian	бянь	dou	доу	hui	хуэй	luan	луань
biao	бяо	du	ду	hun	хунь	lue	люэ
bie	бе	duan	дуань	huo	хо	lun	лунь
bin	бинь	dui	дуй	ji	цзи	luo	ло
bing	бин	dun	дунь	jia	цзя	ma	ма
bo	бо	duo	до	jian	цзянь	mai	май
bu	бу	e	э	jiang	цзян	man	мань
ca	ца	k	э	jiao	цзяо	mang	ман
cai	цай	ei	эй	jie	цзе	mao	мао
can	цань	en	энь	jin	цзинь	me	ме
cang	цан	eng	эн	jing	цзин	mei	мэй
cao	цао	er	эр	jiong	цзюн	men	мэнь
ce	це	fa	фа	jiu	цзю	meng	мэн
cen	цэнь	fan	фань	ju	цзюй	mi	ми
ceng	цэн	fang	фан	juan	цзюань	mian	мянь
cha	ча	fei	фэй	jue	цзюе	miao	мяо
chai	чай	fen	фэнь	jun	цзюнь	mie	ме
chan	чань	feng	фэн	ka	ка	min	минь
chang	чан	fo	фо	kai	кай	ming	мин
chao	чао	fou	фоу	kan	кань	miu	мио
che	чэ	fu	фу	kang	кан	mo	мо
chen	чэнь	ga	га	kao	као	mou	моу



cheng	чэн	gai	гай	ke	кэ	mu	му
chi	чи	gan	гань	ken	кэнь	pa	па
chong	чун	gang	ган	keng	кэн	pai	пай
chou	чоу	gao	гао	kong	кун	pan	пань
chu	чу	ge	гэ	kou	коу	pang	пан
chua	чуа	gei	гэй	ku	ку	paο	паο
chuai	чуай	gen	гэнь	kua	куа	pe	пэ
chuan	чуань	geng	гэн	kuai	куай	pei	пэй
chuang	чуан	gong	гун	kuan	куань	pen	пэн
chui	чуй	gou	гоу	kuang	куан	peng	пэн
chun	чунь	gu	гу	kui	куй	pi	пи
chuo	чо	gua	гуа	kun	кунь	pian	пянь
ci	цы	guai	гуай	kuo	ко	piang	пянь
cong	цун	guan	гуань	la	ла	piao	пiao

**«Вэйшу», 102-цзюань, «Сиюй туралы баян»  
бөлімінің «Юебань» тараушасы  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2268–2269-бб.)**

**«魏书» 第 102 卷 «西域传. 悦般»  
(中华书局点校本第 2268–2269 页)译注**

*Аударма және түсіндірмелер*

Юебань<sup>1</sup> ұлысы усуньдердің солтүстік-батысында, Дайдан<sup>2</sup> 10 930 ли қашықтықта. Бұрын юебаньдар сюннудың сол қол чаньюйінің<sup>3</sup> қол астындағы тайпа болатын. Хань патшалығының Чеци генералы Доу Сяньнің<sup>4</sup> қуғынына ұшырап, сол қол чаньюй Цзинь Вэйшань<sup>5</sup> тауынан асып, батыстағы Канцзюйге<sup>6</sup> кеткен шақта, оның қол астындағы әлсіздік себептен оған ілесе алмағандар Цюцзының<sup>7</sup> солтүстігінде қоныстанып қалған. [Бұл ұлыстың] жері бірнеше мың лиге<sup>8</sup> созылады<sup>9</sup>, жан саны 200 мыңға жетеді. Лянчжоулықтар<sup>10</sup> оларды әлі күнге дейін «чаньюй ван»<sup>11</sup> деп атайды. Олардың әдет-ғұрпы және тілі гаочэлердікімен<sup>12</sup> ұқсас, ал адамдары хулардан<sup>13</sup> таза. Шаштарының ұзындығын қас сызығына дейін бірдейлеп қиып, оның үстіне кілегей<sup>14</sup> жағу арқылы жылтырататын әдеттері бар. Олар күніне үш рет жуынып-шайынғаннан кейін тамақтанады. Бұл ұлыстың оңтүстік шекарасында бір жалынтау<sup>15</sup> бар, оның айналасындағы тастардың бәрі еріп, бірнеше ондық лиге дейін ағып барып қатаяды, елдер бұны дәрі қылып жинап алады, бұл дәрі, яғни таскүкірт болады.

Олардың елбасшысы жужулармен<sup>16</sup> жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында бірнеше мың адамды бастап, жужулардың мемлекетіне кіріп, [жужулардың елбасшысы] Датаньмен<sup>17</sup> кездеспек болған. Жужулардың шекарасына еніп, жүз лиден астам жер жүргенде жужу адамдарының киімдерін жумайтындығын, қолдарын шаймайтындығын, әйелдері тілдерімен ыдыс жалайтындығын көреді. [Сонда] елбасшысы өзімен ілесіп келген бектеріне: «Сен немелер мені алдап, мына иттің еліне әкелдіңдер-ау» — депті де, кері шауып қайтыпты. Датань атты әскер жіберіп оларды қуып жетпекші болған, бірақ жете алмаған. Осыдан кейін олар бір-бірімен өш болып, бірнеше мәрте соғысқан. Чжэньцзюнь жылнамасының<sup>18</sup> 9-жылында<sup>19</sup>, юебаньдар елші жіберіп, патшаға сый-сыяпаттарын тарту етті және сиқыршы жіберді. Айтуларына қарағанда, аталған сиқыршы адамды тамағын немесе тамырын кесіп үзіп, басынан соғып сүйегін жарып, сол себептерден [адам денесінен] бірнеше шэнь немесе бір доудан<sup>20</sup> астам қан аққан жағдайда, [сиқыршы] сол адамның аузына шөп дәрі салып, оны шайнатып жұтқызғанда, қан тез арада тоқтайды екен, жараларды бір ай дауаласа жазылып, тыртық та қалмайды деседі. Шицзу патша<sup>21</sup> бұл сөздерге сенбегендіктен, өлім жазасына кесілген күнәкарларды алғызып [олардың жанымен] осы айтқандарды сынағанда, барлығы шын болып шықты. [Сиқыршының] айтуынша, қытайдың барлық әйгілі тауларында осы шөп бар екен, сондықтан патша адам жіберіп, сиқыршының өнерін оқытты, ал сиқыршыға жақсы сый-сыяпат тартты. [Юебаньдар] тағы былай депті: олардың мемлекетінде үлкен өнерлі адам бар екен. Бір жолы жужулар шапқыншылық жасаған кезде, бұл өнерлі адам нөсер жаңбыр, дүлей боран, қалың қар, тіпті сел тудырған екен, сонда жужулардың 2/10 немесе 3/10 адамдары үсіктен және суға батып өлген екен. Осы жылы, юебань елі тағы бір рет сый-сыяпатын қоса елшісін жіберіп, патша әскерімен бір уақытта шығыс және батыстан жужуларға соғыс ашсақ деген ұсыныс жасады. Шицзу патша олардың ойын құптап, ішкі және сыртқы әскерлердің барлығы дайын болсын деп бұйрық берді және хуай-наньван Таны<sup>22</sup> алдыңғы корпусының басшысы етіп тағайындады, [сонан соң] жужуларға жорық жасады. Осыдан кейін патша тиісті шенеуніктерге жарлық түсіріп, юебаньдардың дабыл ырғағын юефуға<sup>23</sup> енгізді. Кейін (юебаньдар) әрдайым елші жіберіп, сый-сыяпаттарын тарту етіп тұрды.



## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Юебань (悦般) этнонимі туралы ғалымдар әртүрлі пікірлер айтып келеді. XIX ғасыр ғалымы Нейман аталған елді қазіргі Қазақ даласына жатқызып, қытай деректемесінде сақталған осы этноним анығында грек-латын жазушысы Прокопий «Euligsia» деп атаған Арал теңізінің шығысындағы елдердің жалпы атауының өзгертіліп алынған бір нұсқасы деп есептеген (Neiman, 1847. P. 34, 35). Томашек осы елді Іле өзені мен Арал теңізі аралығында жасаған дей тұра, бұл этнонимді «жапан дала» деген мағына беретін түркі сөзі «ябань» деп межелейді (Tomashek, 1877. P. 23). Қытай ғалымы Юй Тайшань өзінің еңбегінде екі иероглифпен транскрипцияланған осы этнонимді әйгілі аварлармен байланыстырады (Юй Тайшань, 1986. 183-б.). Бұл шетел ғалымдарының 悦般 атауын қайта транскрипциялауына арналған ең соңғы еңбек деуге болады. Ал біздің елде болса, ғалымдар сонау Н. А. Аристовтан келе жатқан дәстүрлі пікірді ұстана отырып, осы этнонимді қытайдың Тан дәуірі орда тарихнамасы «Таншу» сияқты деректемелерінде кездесетін 处半 («чубань») атауымен байланыстыру арқылы «юебань» елін Батыс Түрік қағанатының сол қолы болып саналатын «5 Дулудың» (біздің ғалымдарымыздың оқуы бойынша қытай иероглифтерімен жазылған бұл атау «дұлат» атауының қытайшаландырылғаны-мыс) ішіне енгізеді және «чубаньды» кейінгі қазақ руы суанмен, «дулуды» кейінгі қазақ руы дулатпен байланыстырады (Аристов, 1894; Албани, 1994. 233-б.). Көрсетілген пікірлердің барлығында көңілге толмастық мынадай жерлері бар: екі иероглифті, яғни 悦般-ды қайта транскрипциялағанда осы иероглифтердің, әсіресе бірінші иероглифтің (“悦”) ортағасырлардағы (нақтырақ айтсақ, 3—9 ғасырлардағы) қытай тілінің дыбыстау жүйесіндегі және қытай тарихнамаларында осы сияқты иероглифтермен жат елдердің атау-есімдерін транскрипциялаудағы кейбір заңдылықтарға мән бермеген. Осының өзі бұл пікірлердің ғылыми тұжырымдар емес, күмән тудыратын жорамалдар екенін көрсетеді. Біз III—IX ғасырлардағы қытай тілінің дыбыстау жүйесіндегі және қытай тарихнамаларында иероглифтермен жат елдердің атау-есімдерін транскрипциялаудағы сол заңдылықтарға сүйене отырып, «Юебань (悦般)» — «албан» этнонимінен келген деген тұжырымдаманы ұсынып отырмыз (қараңыз: Еженханұлы, 2004).

<sup>2</sup> Дай (代) — қазіргі ҚХР, Шаньси провинциясы, Датун (大同) қаласының солтүстік-шығысы. Ол Солтүстік Вэй патшалығының астанасы болған.

<sup>3</sup> «Чаньюй (单于)» — «тәңірқұт».

<sup>4</sup> Қытайша 车骑将军窦宪 деп хатталған.

<sup>5</sup> «Цзинвэйшань (金微山)» — Н. Я. Бичуриннің аудармасына сүйене отырып, орыс және кеңес ғалымдары аталған “юебаньдардың” көшкендегі асқан

осы тауы Тарбағатай тауы немесе Барлық тауы деп, юебаньдарды «Вэйшу» кітабының дерегіндегі айтылған Цюцзы (Күшэр) сияқты жерлерден тым қашықта жатқан Эбин-нор жеріне орналастырып келген (қараңыз: Аристов, 2001. 86-б.; Кюнор, 1961. 11-б.). Шындығына келсек, «Цзинвэйшань (金微山)» Тарбағатай тауы да, Барлық тауы да емес, Алтай тауы болып табылатындығы көне қытай авторларына және кейінгі тарихшыларға мәлім (бұл туралы қараңыз: Чжэнь тяньтиньмен Тань цисян, 2000. 1872-б.).

<sup>6</sup> Канцзюй (康居) — қытай деректемелері бойынша отандық тарихнамамызда «Кангюй» деп те алынып жүрген бұл көне ел әуелі усуньдердің батысы, Яньцайдың (Абзойдың) шығысында, шамасы қазіргі Балқаш пен Аралдың аралығында орналасқан, олардың елбасыларының қыстық ордасы «Лоюени (乐越匿)» жеріндегі «Бидтянь (卑阇)» қаласында болған (бұл қала шамамен Сырдарияның сол жағалауында орналасқан). Ғалымдардың пайымдауынша, кейінгі тарихи деректемелерде кездесетін «кангарес», «кенгер», «көнгөр», «кегерлу» және «кангар» сынды этнонимдердің барлығының осы көне қытай деректемелерінде кездесетін «канцзюй» сөзіне қатысы бар.

<sup>7</sup> Цюцзы (龟兹) — қазіргі ҚХР, ШҰАР, Күшэр жері.

<sup>8</sup> Ли (里) — қытайдың дәстүрлі қашықтық өлшемі. Солтүстік Вэй патшалығы кезінде 1 ли = 504 м.

<sup>9</sup> Жапон ғалымы Х. Мацуда қытай деректемелеріндегі айтылған әртүрлі жол қашықтықтарын есептей келе жасаған тұжырымдамасына сүйене отырып, “юебаньдардың” аумағын былай межелейді: шығысы — Юлдуз өзен ойпаты; батысы — Нарын өзен ойпаты; негізгі күші Нарын өзен ойпатында шоғырланған (Matsuda, 1956, еңбектің 7-тарауы «Юебань мемлекетінің орналасқан жері»). Бұл жерде Х. Мацуда біздің аударып отырған деректеміздегі “юебаньдар жерінің аумағы неше мың лиге созылады” деген мағлұматқа көңіл бөлмеген. Қытай ғалымы Юй Тайшань “юебаньдардың” батыстағы жері Нарын өзенінің солтүстігіндегі Іле өзен ойпатын да қамтиды деп айтады, бірақ нақты ешқандай дәлел келтіре алмаған (Юй Тайшань, 1986. 184- және 198-бб.). Біздің ойымызша, “юебаньдар жерінің аумағы неше мың лиге созылады” деген мағлұматтардың ар жағында бір тарихи шындық жатқан сияқты. Юебаньдардың билігі немесе ықпалы бір кезде жоғарыдағы ғалымдардың айтқан Нарын немесе Іле өзендерінен асып, батыс өңірге де жеткен болса керек.

<sup>10</sup> Лянчжоу (凉州) — қазіргі ҚХР Ганьсу провинциясы, Вувэй (武威) қаласы.

<sup>11</sup> Қытайша 单于王 деп хатталған. «Чаньюй» — «тәңірқұт». «Ван» — көне Қытайдың иерархиялық жүйесі бойынша патшадан кейінгі лауазым иелері.

<sup>12</sup> Гаочэ (高车) — түркі тілдес «телэ» этностық тобының бір бөлігі. Олар 487 жылы Жужань қағандығының билігінен шығып, батысқа қарай ауып ке-

ліп, Жоңғарияда дербес мемлекет құрған. Бұл туралы төмендегі «Вэйшу» кітабының «Гаочэ баянына» қараңыз.

<sup>13</sup> Қытай авторы бұл жерде «ху (胡)» деп сол кездегі Орта Азиядағы отырықшы иран тілдес халықтарды меңзеп, осылайша юебаньдарды солармен парықтап көрсетіп тұрса керек.

<sup>14</sup> Мәтінде юебаньдардың шашқа жағатын осы бір заты «тиху (醍醐)» деп жазылған. Бұл екі иероглифтен құралған сөздің мағынасы көне қытай тілінде “сүттің қорытылып алынған нәрлі бөлігі”, яғни “кілегей” дегенді білдіреді.

<sup>15</sup> «Бэйши» кітабында (БШ, 97-цзюань) бұл тауды «дашань (大山)», яғни «үлкен тау» деп алған. Ал қазіргі қолымызға жеткен «Вэйшу» кітабының барлық нұсқалары бұл тауды «хошань (火山)», яғни «жанар-тау» деп алған. Бұл келіспестік анығында иероглифтердің ұқсастығынан туындаған. Аталған деректеменің түпнұсқасында бұл тау «хошань (火山)», яғни «жанартау» деп жазылса керек. Ал Күшардың оңтүстігінде қытайша «Байшань (白山)», яғни «Ақ тау» деп аталатын жанартау бар екендігін біздің аударып отырған «Вэйшу» деректемесінің «Цюцы (Күшар) туралы баян» бөлігінде анық жазған. Ғалымдардың айтуынша, аталған “Ақ тау” Күшардан солтүстік-шығысқа қарай он шақырымнан астам жерде орналасқан (қараңыз: «Туркестанские ведомости». 1881. № 39; Мушкетов, 1886. 1-том. С. 217; V. Minorsky, 1937. P. 226, note 1).

<sup>16</sup> Жужу (蠕蠕) — Қытай деректемелерінде «жужань (柔然)» деп те жазылатын бұл көшпенді ел көк түріктерден бұрын қағанат құрып, Орталық Азияда өзінің үстемдігін орнатқан. Кей ғалымдар бұл елді авар елімен байланыстырады.

<sup>17</sup> Қытайша 大檀 деп хатталған.

<sup>18</sup> Чжэньцзюнь (真君) — толық атауы тайпинчжэньцзюнь (太平真君). Солтүстік Вэй патшасы Шицзудың, яғни Тайвудидің (太武帝) жылнамасы, 440—451 жылдарды қамтиды.

<sup>19</sup> Яғни 448 жылы.

<sup>20</sup> Бұл жердегі “шэн” мен “доу” — қытайдың көне өлшем бірліктері: 1 “шэн” бір литрге тең, 10 “шэн” 1 “доуды” құрайды.

<sup>21</sup> Шицзу (世祖) — Солтүстік Вэй патшалығының патшасы Тоба Тау (拓拔焷).

<sup>22</sup> Қытайша 他 деп хатталған. Бұл есім «Бэйши» кітабында «То (佗)» деп жазылған (БШ, 97-цзюань).

<sup>23</sup> Юефу (乐府) — сол кездегі қытайдың патша ордасында өлең-күйлерді жинақтаумен айналысатын орган.



**«Вэйшу», 103-цзюань, «Гаочэ (Гаугюй) баяны»  
(жаңа нұсқа бойынша 2307–2313-бб.)**

(«魏书», 卷一百零三, «高车传»,  
中华书局点校本第 2307–2313 页)

*Аударма және түсіндірмелер*

Гаочэлер<sup>1</sup> (Гаугюйлер) — ежелгі Чидилердің<sup>2</sup> ұрпақтары<sup>3</sup>, олардың әуелгі атауы «дили»<sup>4</sup> болған. Солтүстікте<sup>5</sup> оларды «чилэ» деп атаса, сялар<sup>6</sup> оларды «гаочэ динлиндер» («биік арбалы динлиндер»)<sup>7</sup> деп атаған<sup>8</sup>.

Олардың тілі кейбір өзгешеліктерін айтпағанда, негізінен сюннулардың тіліне жақын келеді. Біреулер олардың ата-бабалары сюннулардың жиені болған деседі.

Олардың ди<sup>9</sup>, юаньхэ<sup>10</sup>, хулюй<sup>11</sup>, сепи<sup>12</sup>, хугу<sup>13</sup>, ицицзинь<sup>14</sup> сияқты тайпалары бар.

Ел арасындағы аңыз бойынша, сюннудың тәңірқұтынан (чаньюйінен) екі қыз болыпты, олар өте сұлу болғандықтан, жұрт оларды құдайдай көріпті. [Сондықтан да] тәңірқұт: «Айдай сұлу қыздарымды қалайша жай адамдарға ұзатамын? Мен оларды тәңірге беремін» дейді екен. Ол елінің солтүстігіндегі иен бір жерге биік мұнара тұрғызып, екі қызын сол мұнараның төбесіне шығарып, «тәңірім өзі келіп қыздарымды алып кетсін» депті. Содан үш жыл өткенде, шешелері қыздарын қайтарып әкеліп алмақ болады. Сонда тәңірқұт: «асықпа, аз уақыт тосайық» дейді. Сөйтіп тағы бір жыл өткенде мұнара маңына кәрі бөрі пайда болады, ол күндіз-